

Танымдық психикалық процестер: Түйсік, Қабылдау

- 1. Түйсік туралы түсінік.**
- 2. Түйсіктің физиологиялық механизмі.
Түйсіктің жүйелі жіктелуі.**
- 3. Түйсік табалдырығы, адаптация,
синестезия, сенсбилизация.**
- 4. Қабылдау түсінігі. Қабылдаудың
қасиеттері.**

Түйсік дегеніміз -

- сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім мүшелері арқылы миға түскен бейнесі.



Анализатор қызметі

Түйсіктердің физиологиялық механизмі анализатор деп аталатын арнайы жүйке аппаратының қызметінен тұрады. Әрбір анализатор келесідей қасиетке ие:

- тек белгілі мөлшерде ғана энергия көзін жұмсау;
- осылайша өзінің физикалық-химиялық күйін өзгерте алуы
- химиялық энергияны электрлік потенциалға айналдыра алу.

Анализаторлар үш бөлімнен тұрады:

- Перифериялық бөлім (рецептор) – сыртқы энергияны жүйке процестеріне қосушы дененің шеткі бөліктерінде жайласқан рецепторлар;
- Қозуды орталық жүйке бөлігіне жеткізуші афференттік немесе сезімтал жүйкелер;
- Шеткі бөліктен жеткен жүйке импульстарын өңдеуші талдағыштың ми қабығындағы бөліктері.

Түйсік пайда болу үшін барлық талдағыштардың тұтастай, бірлікті қызметі қажет. Сонымен қатар, анализаторлар бірінің қызметін бірі атқара алуға қаблетті.

Мұны ми қабығының **компенсаторлық функциясы** деп атайды.

Түйсіктердің жүйелі жіктелуі

- *Интероцептік,*
- *Проприоцептік,*
- *Экстроцептік,*

Интероцептік түйсік

Интероцептік түйсіктер дененің ішкі процестеріне байланысты, яғни ішек, қарын, жүрек, қан тамырлары мен басқа ішкі құрылым қатпарларындағы тітіркенулерді миға жеткізіп отырады.

Адамның эмоционалды қалпымен сәйкес болып келеді.

Проприоцептік

- Проприоцептік түйсіктер дененің кеңістіктегі қалпы жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз етіп, адам қозғалысының сезімдік (афференттік) негізін құрап, оларды реттеп отырады.
- Рецепторлар ерекше жүйке талшықтары формасында (Тельца Паччини) бұлшық еттерде және буындарда болады.

Экстероцептік

- Экстроцептік түйсіктер ең үлкен түйсіктер тобын құрайды. Бұл түйсіктердің қызметі сыртқы дүние ақпаратын адам сезіміне жеткізу және қоршаған ортамен үздіксіз байланысты орнату.

Экстроцептік түйсіктер

```
graph TD; A[Экстроцептік түйсіктер] --- B[Түйісу]; A --- C[Аралық];
```

Түйісу

Аралық

**Генетикалық
жіктелуіне
байланысты**

Протопатикалық

Эпикритикалық

Протопатикалық - өте қарапайым, шарпулы, толық жіктеліп, мекенделмеген органикалық сезімдер (ашығу, шөлдеу және т.б.)

Эпикритикалық – жоғарғы дәрежеде жіктеуге келетін, себеп салдарлы және рационалды (санамен барластырылатын), яғни адамның негізгі сезім мүшелерінде пайда болатын түйсіктер.

Адаптация -

сезім мүшелерінің тітіркендіргіштерге біртіндеп икемделуі.

Негативті адаптация – күшті тітіркендіргіштердің әсерінен анализаторлардың сезімталдығының төмендеуі (түйсіктің мүлдем жоғалуы немесе әлсіреуі)

Позитивті адаптация – әлсіз тітіркендіргіштердің әсерінен сезімталдықтың артуы.

Сонымен, адаптация сыртқы орта әсерлеріне ағзаның бейімделгіштігін көрсетеді.

Біздің талдағыштық (анализаторлық) жүйеміз әртүрлі деңгейде бір –біріне әсер етуге қаблетті. Бұл сезімталдықтың артуы немесе төмендеуі кезінде байқалады.

- Талдағыштардың өзара ықпалды әсерінен сезгіштіктің артуы *сенсibiliзация* деп аталады.
- Тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің біреуінде ғана түйсік туғызудың орнына сол сәтте басқа түйсіктердің пайда болуына жағдай жасайды, яғни қосарласқан түйсік пайда болады, бұл *синестезия* құбылысы деп аталады.

Қабылдау -

бұл заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектерімен бірге, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде тұтас түрде бейнеленуі.

Қабылдаудың негізінде бас мидың күрделі аналитикалық- синтетикалық әрекеті жатыр.

Қабылдау адамның өткен тәжірибесімен тығыз байланысты.

- Қабылдау барысындағы іс-әрекет бір сезім қызметімен ғана шектелмей, бірнеше сезім мүшелерінің жұмысының нәтижесінде қалыптасады.
- Қабылдаудың қасиеттері:
Заттық тектілігі, тұтастығы, тұрақтылығы (константтығы), мағыналылығы, таңдамалылығы, апперцепция.

Қабылдаудың бұзылуы

- Түрлі себептерге байланысты шындықтағы заттарды қате қабылдау *иллюзия* деп аталады.
- Иллюзия бөлінеді: физикалық, физиологиялық, психикалық.

- Жүйке жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты жалған, теріс, бұрмаланған бейнелер туындайды.
Мұндай қабылдау – *галлюцинация* деп аталады.

Назарларыңызға рахмет!

